АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Жусан иісі – балалық шақтың сағынышы»

Формат: әдеби-танымдық кездесу

Өткізілген уақыты: 16 қазан

Сыныбы: 7-8 сынып

Мақсаты: шығарманың идеялық мазмұнын ашу, Аян бейнесін талдау, оқушылардың сыни ойлауын, эмпатиясын және шығармашылық қабілетін дамыту.

«Кітап оқитын ұлт» және «Он екі айға – он екі кітап» жобалары аясында оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, көркем әдебиетке сүйіспеншілігін қалыптастыру, ұлттық әдеби мұраларды насихаттау мақсатында Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» шығармасы бойынша әдеби-танымдық іс-шара өткізілді. Іс-шараға 7–8-сынып оқушылары қатысып, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Сайын Мұратбековтің өмірі мен шығармашылығына тоқталды. Шара барысында «Жусан иісі» әңгімесінің мазмұны талқыланып, шығармадағы басты кейіпкер Аяннның тағдыры, оның басынан өткерген қиындықтары, бойындағы қайсарлық, төзімділік, мейірімділік пен арманға деген сенімі туралы ой қозғалды. Оқушылар шығарма кейіпкерлеріне мінездеме беріп, Аянның адамгершілік қасиеттерін талдады. Сонымен қатар «Аянның бойындағы ерекше қасиеттер», «Шығарма бізге не үйретеді?», «Балалық шақ және соғыс» тақырыптарында пікір алмасты. Ашық микрофон форматында оқушылар өз ойларын ортаға салып, шығармадан алған әсерлерімен бөлісті.
Іс-шара барысында оқушылар соғыс жылдарындағы балалардың ауыр тағдырымен танысып, бейбіт өмірдің қадірін түсінуге, мейірімділікке, жанашырлыққа және адамгершілікке тәрбиеленді. Көркем шығарманы талдау арқылы оқушылардың оқырмандық сауаттылығы, сыни ойлау қабілеті мен өз пікірін еркін жеткізу дағдылары дамыды.



https://www.instagram.com/reel/DejsMHqsXlt/?dlrf=NzFnZTIzdjNnbmhx